**Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1009 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 50 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 № 50 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ БАЯНЫ

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1, 15-2-баптарына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

2) «Теңіз құрылыстарын салу және орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

3) «Теңізде мұнай-газ құбырларын салуға және пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

4) «Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

5) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) «Қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды

бастырмалатуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1009 қаулысымен бекітілген

**«Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – Комитет): 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0505 кабинеті мекенжайы бойынша, сондай-ақ электрондық үкіметтің веб-порталы: www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 85-бабы және «Ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010

жылғы 8 қарашадағы № 1174 қаулысы (бұдан әрі – Қағида) негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің (бұдан әрі – министрлік) интернет-ресурсында: www.mgm.gov.kz «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті» бөлімінде (бұдан әрі – Министрліктің интернет-ресурсы);

2) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат call-орталығының телефоны (1414) арқылы да ұсынылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға берілетін, жағылатын газдың көлемі мен қолданыс мерзімі көрсетілген рұқсат беру (бұдан әрі – рұқсат) не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық құжат нысанындағы электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) расталған дәлелді жауабы болып табылады.

Тұтынушы Комитетке қағаз тасығышта рұқсат алу үшін жүгінген жағдайда рұқсат электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, мөрмен бекітіледі және оған Комитет басшысының қолы қойылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) тұтынушы Комитетке немесе порталға жүгінген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды;

2) құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) Комитетте мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі.

Хат-хабарларды қабылдау кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жедел қызмет көрсету көзделмеген.

2) порталда – тәулік бойы.
10. Мемлекеттік қызмет:
1) Министрліктің ғимаратында, ғимаратқа кіру рұқсаттама бюросы берген біржолғы рұқсаттамалар бойынша жүзеге асырылады. Біржолғы рұқсаттама тікелей қызмет көрсететін лауазымды тұлғаның телефон бойынша өтінімімен ресімделеді.

Рұқсаттама бюросының жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құқық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы дабылдама және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін ғимарат дене мүмкіндігі шектеулі адамдардың қолжетімділігіне арналған пандустармен жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

2) порталда – тұтынушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Комитетте:

ұңғыма объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде:

тұтынушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жер қойнауын пайдаланушы жасаған және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органдарымен келісілген ұңғыманың жекелеген объектілерін сынау жоспарлары ұсынылады;

кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде:

тұтынушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны ұсынылады;

газды технологиялық еріксіз жағу кезінде (технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, технологиялық жабдықты пайдалану, технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында):

тұтынушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны ұсынылады;

2) порталда:
ұңғыма объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде:
тұтынушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
жер қойнауын пайдаланушы жасаған және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органдарымен келісілген ұңғыманың жекелеген объектілерін сынау жоспарлары – сканерленген көшірме түрінде ұсынылады;
кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде:
тұтынушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны ұсынылады;
газды технологиялық еріксіз жағу кезінде (технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, технологиялық жабдықты пайдалану, технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында):
тұтынушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны ұсынылады.
12. Мемлекеттік қызметті алу үшін осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш толтырылады.
Өтініш нысаны Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған.
Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанындағы сұрау салу толтырылады.
13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар пошта арқылы жіберіледі не Министрліктің кеңсесіне: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0305 А кабинеті мекенжайы бойынша тапсырылады.
Порталда электрондық сұратуды қабылдау тұтынушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Сұрату таңдалған қызметке сәйкес адресат мемлекеттік органға автоматты түрде жіберіледі.
14. Тұтынушы не тұтынушының сенімхаты бойынша уәкілетті өкілі құжаттарды тапсырғаннан кейін мыналарды көрсетумен өтініштің көшірмесі беріледі:
1) мөртаңба, кіріс нөмірі және қабылдау күні;
2) өтінішті қабылдаған тұлғаның телефон нөмірі;
3) өтінішті қабылдаған тұлғаның қолы;
4) мемлекеттік қызметті ұсыну күні.
Портал арқылы жүгінген кезде тұтынушыға порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті ұсыну үшін тұтынушының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алатын күні мен уақытын көрсете отырып, сұратуды қабылдау туралы

хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Рұқсат осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес Комитеттің бланкісінде ресімделеді.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нәтижесі тұтынушыға:

1) Комитетте – осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша қолма-қол (тұтынушының не тұтынушының сенімхаты бойынша уәкілетті өкілінің өзі келуі);

2) порталда – тұтынушының «жеке кабинетіне» жеткізіледі.

16. Тұтынушының осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген барлық талап етілетін құжаттарды ұсынбауы тұтынушыны хабардар еткен сәттен бастап оларды беру сәтіне дейін өтінімді қарауды тоқтата тұруға әкеп соғады.

Бұл ретте, Комитет мемлекеттік қызметті алу үшін өтінішті қарау мерзімін тоқтата тұру туралы хабарландыру хатын тұтынушыға қолма-қол не пошта арқылы, сондай-ақ портал арқылы жүгінген жағдайда «жеке кабинетіне» жолдайды.

Портал арқылы жүгінген кезде тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін өтінішті қарау мерзімінің тоқтатыла тұруы туралы уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ куәландырылған хабарландыру хатын «жеке кабинетінен» электрондық түрде де алады.

Жер қойнауын зерттеу мен пайдалану және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың біреуінің газ жағуға рұқсат жобасын келіспеуіне, сондай-ақ тұтынушының дәйексіз мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынуына байланысты Комитет рұқсат беруден бас тартады.

Бұл ретте, Комитет ұсынылған құжаттар пакетін тұтынушының «жеке кабинетіне» (портал арқылы жүгінген жағдайда) қайтарады.

Тұтынушы мемлекеттік қызметті көрсету не көрсетуден бас тарту туралы уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ куәландырылған дәлелді жауабын порталда электрондық түрде де алады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитет қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышын орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) тұтынушылармен жұмыс кезінде сыпайылық;

4) көрсетілетін қызмет туралы егжей-тегжейлі және толық ақпарат ұсыну;

5) өтініштерді қарау кезінде лауазымды тұлғалар қызметінің ашықтығы;

6) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және оның

құпиялылығы;

7) тұтынушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 5 -қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Комитеттің мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Министрліктің құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0305 А кабинеті мекенжайы бойынша түсіндіреді, байланыс телефондары (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-71.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының телефоны (1414) бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Министрлікке 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті мекенжайы бойынша беріледі, байланыс телефондары (7172) 97-69 -31, (7172) 97-69-71.

22. Қызмет көрсету кезінде дөрекі қарым-қатынас жағдайларында шағым Министрлікке 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті мекенжайы бойынша беріледі, байланыс телефондары (7172) 97-69 -31, (7172) 97-69-71.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым, өтініш «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес заңды тұлғаның толық атауын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсете отырып жасалады. Өтінішке тұтынушының қолы қойылады не ЭЦҚ-мен расталады.

Шағым берген кезде әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым берілетін лауазымды тұлғалардың тегі мен аты-жөні, жүгіну уәждері мен талаптары көрсетіледі.

25. Қолма-қол қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі.

Шағымның қабылданғанын растау күні мен уақытын, қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, талон беру болып табылады.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты Комитеттің қызметкерлері (7172) 97-68-40, (7172) 97-68-51 телефондары бойынша береді.

Шағымдарды қарау Заңда көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Порталға «жеке кабинетінен» электрондық өтінішті жіберу арқылы жүгінген кезде тұтынушыға мемлекеттік органда өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Мемлекеттік органнан жауап Заңға сәйкес беріледі.

26. Министрліктің байланыс деректері:

мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы.

Жұмыс және қабылдау кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсынан алуға болады.

«Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

**Газды жағуға рұқсат алуға өтініш**

___________________________________________

(ұйымның атауы, БСН, байланыс деректері)

___________________________________________

(кен орны, қандай сатыда)

___________________________________________

(газ жағу қажеттілігінің себебі және негіздемесі, жылына жағылатын газдың болжамды көлемі, млн. $м^3$)

________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________

(қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі)

1. _________________________________________________________________________
2. _________________________________________________________________________
3. _________________________________________________________________________
4. _________________________________________________________________________
5. _________________________________________________________________________
6. _______________________________________________________________________

Ұйымның басшысы (лауазымы) _______________ __________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. 20__ ж. «___» ______________________

«Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

## Кен орнын сынамалы пайдалану кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат үшін мәліметтер нысаны

1. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату немесе өңдеуді дамыту бағдарламасын бекіту туралы ақпарат:

1) хаттама нөмірі ________________________________________________;

2) хаттама күні _________________________________________________;

3) өтінім беру жылына жағылатын газдың рұқсат етілген мөлшері, млн. $м^3$ _____________________________________________________________;

4) өтінім беру жылына газды өндіру мөлшері, млн. $м^3$ ___________.

2. Кен орнын сынамалы пайдалану жобасын бекіту туралы ақпарат:

1) хаттама нөмірі ________________________________________________;

2) хаттама күні ______________________________________________;

3) жобалық құжаттың қолданыс мерзімі ___________________________.

3. Бекітілген кен орнын сынамалы пайдалану жобасына сәйкес газ өндірудің жоспарлы көлемі, млн. $м^3$ _________________________________.

4. Бекітілген кен орнын сынамалы пайдалану жобасына сәйкес газ жағудың жоспарлы көлемі, млн. $м^3$ ____________________________________.

«Ұңғымалар объектілерін сынау, кен
орнын сынамалы пайдалану,
технологиялық жабдықты іске
қосу-баптау, пайдалану, оған
техникалық қызмет көрсету және
жөндеу жұмыстары жағдайында газды
технологиялық еріксіз жағу кезінде
ілеспе және (немесе) табиғи газды алау
етіп жағуға рұқсат беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

**Технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат үшін мәліметтер нысаны**

1. Өткен жылғы өндірілген газ, млн. $м^3$ _________________________.

2. Өткен жылғы жағылған газ, млн. $м^3$ ___________________________.

3. Мұнай өндірудің жоспарланатын мөлшері, мың тонна __________.

4. Газ өндірудің жоспарланатын мөлшері, млн. $м^3$ _______________.

5. Өтінім беру жылына газ жағу мөлшері, млн. $м^3$ _______________.

6. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату немесе өңдеуді дамыту бағдарламасын бекіту туралы:

1) хаттама нөмірі _______________________________________________.

2) хаттама күні _________________________________________________.

3) өтінім беру жылына жағылатын газдың рұқсат етілген мөлшері, млн. $м^3$ _____________________________________________________________.

4) өтінім беру жылына газ өндіру мөлшері, млн. $м^3$ ____________.

7. Газ өндіруді және жағуды есептеу аспаптарының саны мен олардың орналасқан жері ________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________.

8. Газ өңдеудің және кәдеге жаратудың нақты көлемі туралы ақпарат:

1) өткен жылғы газ өңдеу мөлшері, млн. $м^3$ ____________________.

2) өткен жылғы газ өңдеу тәсілі ____________________________________
__________________________________________________________________________.

3) өткен жылғы кәдеге жаратылған газ мөлшері, млн. $м^3$ ________.

4) өткен жылғы газды кәдеге жарату тәсілі ____________________.

9. Газды өндірістік үздіксіз жағу көздері (алаулары) туралы ақпарат:

1) орналасқан жері _______________________________________________.

2) биіктігі, метр _________________________________________________.

3) өнімділігі, $Нм^3$ мың/тәулік ___________________________________.

10. Кен орнын игеру жобасын бекіту туралы ақпарат:

1) хаттама нөмірі ________________________________________________.

2) хаттама күні __________________________________________________.

3) жобалық құжаттың қолданыс мерзімі ___________________________.

«Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

**Ілеспе және (немесе) табиғи газды жағуға рұқсат**

______________________________________________________
(жер қойнауын пайдаланушының атауы)

____________________________________________________________

(кен орны, ұңғыма)

____________________________________________________ көлемінде

(газды өндіру кезінде газ жағуға рұқсат етілген көлем)

____________________________________________________________

(газ жағу түрі)

_____________________________________________________ берілді

(рұқсаттың қолданылу кезеңі)

Тіркеу нөмірі № ____ 20__ жылғы «___» ____________

Мемлекеттік уәкілетті органдардың келісуі:

__________________ _____________ ______________

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

«Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына 5-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің алдағы жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі) | | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |
| 3. Қолжетімділігі | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі ) | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі) | | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 шілдедегі
№ 1009 қаулысымен
бекітілген

## «Теңіз құрылыстарын салу немесе орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 2. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – Комитет): 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0505 кабинеті мекенжайы бойынша, сондай-ақ электрондық үкіметтің веб-порталы: www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 93-бабы және «Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларымен байланысты өзге де объектілерді құру, пайдалану және қолдану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1452 қаулысы (бұдан әрі – Қағида) негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің (бұдан әрі –

министрлік) интернет-ресурсында: www.mgm.gov.kz «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті» бөлімінде (бұдан әрі – Министрліктің интернет-ресурсы);

2) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат call-орталығының телефоны (1414) арқылы да ұсынылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі теңіз құрылысын салу немесе орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат беру (бұдан әрі – рұқсат) не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық құжат нысанындағы электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) расталған дәлелді жауабы болып табылады.

Тұтынушы Комитетке қағаз тасығышта рұқсат алу үшін жүгінген жағдайда рұқсат электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, мөрмен бекітіледі және оған Комитет басшысының қолы қойылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) тұтынушы Комитетке немесе порталға жүгінген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды;

2) құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) Комитетте мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі.

Хат-хабарларды қабылдау кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жедел қызмет көрсету көзделмеген.

2) порталда – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) Министрліктің ғимаратында, ғимаратқа кіру рұқсаттама бюросы берген біржолғы рұқсаттамалар бойынша жүзеге асырылады. Біржолғы рұқсаттама тікелей қызмет көрсететін лауазымды тұлғаның телефон бойынша өтінімімен ресімделеді.

Рұқсаттама бюросының жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 9.00 -ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Құқықтық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы дабылдама және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін ғимарат дене мүмкіндігі шектеулі адамдардың қолжетімділігіне арналған пандустармен жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

2) порталда – тұтынушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Комитетте:

тұтынушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны ұсынылады;

2) порталда:

тұтынушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны ұсынылады.

12. Өтініш нысаны Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанындағы сұрау салу толтырылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар пошта арқылы жіберіледі не Министрліктің кеңсесіне: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0305 А кабинеті мекенжайы бойынша тапсырылады.

Порталда электрондық сұратуды қабылдау тұтынушының «жеке кабинетінде » жүзеге асырылады. Сұрату таңдалған қызметке сәйкес адресат мемлекеттік органға автоматты түрде жіберіледі.

14. Тұтынушы не тұтынушының сенімхаты бойынша уәкілетті өкілі құжаттарды тапсырғаннан кейін мыналарды көрсетумен өтініштің көшірмесі беріледі:

1) мөртаңба, кіріс нөмірі және қабылдау күні;

2) өтінішті қабылдаған тұлғаның телефон нөмірі;

3) өтінішті қабылдаған тұлғаның қолы;

4) мемлекеттік қызметті ұсыну күні.

Портал арқылы жүгінген кезде тұтынушыға порталдағы «жеке кабинетте» мемлекеттік қызметті ұсыну үшін тұтынушының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алатын күні мен уақытын көрсете отырып, сұратуды қабылдау туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Рұқсат осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес Комитеттің бланкісінде ресімделеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі тұтынушыға:

1) Комитетте – осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша қолма-қол (тұтынушының не тұтынушының сенімхаты бойынша уәкілетті өкілінің өзі келуі);

2) порталда – тұтынушының «жеке кабинетіне» жеткізіледі.

16. Тұтынушы осы стандарттың 11-тармағында көзделген мәліметтерді Комитетке толық бермеген жағдайда мемлекеттік органға келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінішті қараусыз кері қайтарады.

Комитет қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік шекараны қорғауды және азаматтық қорғанысты қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдардың бірінің теріс жауабына байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Бұл ретте, Комитет ұсынылған құжаттар пакетін тұтынушыға не «жеке кабинетіне» (портал арқылы жүгінген жағдайда) қайтарады.

Тұтынушы мемлекеттік қызметті көрсету не көрсетуден бас тарту туралы уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ куәландырылған дәлелді жауабын порталда электрондық түрде де алады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитет қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік борышын орындау кезінде заңдылықты сақтау;

3) тұтынушылармен жұмыс кезінде сыпайылық;

4) көрсетілетін қызмет туралы егжей-тегжейлі және толық ақпарат ұсыну;

5) өтініштерді қарау кезінде лауазымды тұлғалар қызметінің ашықтығы;

6) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және оның құпиялылығы;

7) тұтынушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 4 -қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Комитеттің мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Министрліктің құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0305 А кабинеті мекенжайы бойынша түсіндіреді, байланыс телефондары (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-71.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының телефоны (1414) бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Министрлікке 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті мекенжайы бойынша беріледі, байланыс телефондары (7172) 97-69 -31, (7172) 97-69-71.

22. Қызмет көрсету кезінде дөрекі қарым-қатынас жағдайларында шағым Министрлікке 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті мекенжайы бойынша беріледі, байланыс телефондары (7172) 97-69 -31, (7172) 97-69-71.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағым, өтініш «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес заңды тұлғаның толық атауын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсете отырып жасалады. Өтінішке тұтынушының қолы қойылады не ЭЦҚ-мен расталады.

Шағым берген кезде әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым берілетін лауазымды тұлғалардың тегі мен аты-жөні, жүгіну уәждері мен талаптары көрсетіледі.

25. Қолма-қол қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі.

Шағымның қабылданғанын растау күні мен уақытын, қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, талон беру болып табылады.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты Комитеттің қызметкерлері (7172) 97-68-40, (7172) 97-68-51 телефондары бойынша береді.

Шағымдарды қарау Заңда көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Порталға «жеке кабинетінен» электрондық өтінішті жіберу арқылы жүгінген кезде тұтынушыға мемлекеттік органда өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Мемлекеттік органнан жауап Заңға сәйкес беріледі.

26. Министрліктің байланыс деректері:

мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы.

Жұмыс және қабылдау кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсынан алуға болады.

«Теңіз құрылыстарын салу және орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

**Теңіз құрылыстарын салу немесе орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат алуға өтініш**

______________________________________________________________

______________________________________________________________

(ұйымның атауы, мекенжайы, БСН)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

(Теңіз құрылыстарын салу немесе орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыру қажеттілігінің себебі мен негіздемесі)

______________________________________________________________

(қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі)

1. ___________________________________________________________
2. ___________________________________________________________
3. ___________________________________________________________
4. ___________________________________________________________
5. ___________________________________________________________

6. ______________________________________________________________
7. ______________________________________________________________
8. ______________________________________________________________
9. ______________________________________________________________
10. ____________________________________________________________

Ұйым басшысы (лауазымы) _____________ _____________
(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. 20__ ж. «___» ____________________

«Теңіз құрылыстарын салу және орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

**Теңіз құрылыстарын салу немесе орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат үшін мәліметтер нысаны**

1. Теңіз құрылысын салу мақсаты мен мәні ______________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________.

2. Келісімшарттық аумақ шегінде құрылатын теңіз құрылысының географиялық координаталарының негіздемесі:

1) ендігі ______________________________________________.

2) бойлығы ____________________________________________.

3. Теңіз құрылысын құру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылуы болжанатын кеме және өзге де жүзу құралдары туралы ақпарат:

1) кеме және өзге де жүзу құралдарының саны __________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________.

2) кеме және өзге де жүзу құралдарының атауы _________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________________.

4. Теңіз құрылысын құруды бастау және аяқтау күні _____________
_________________________________________________________________.

5. Теңіз құрылысын пайдалану кезінде қолданылатын байланыс

құралдары (радиотаратқыштың қуаты, жиіліктер, өзге де мәліметтер) туралы ақпарат ______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________.

«Теңіз құрылыстарын салу және орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына 3-қосымша
Нысан

**Теңіз құрылыстарын салу немесе орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат**

1. ______________________________________________ берілді
(жеке тұлғаның Т.А.Ә., заңды тұлғаның атауы)
2. ______________________________________________
(жасанды құрылыстар аумағының координаталары)
3. ______________________________________________
(теңіз объектілерін салу мерзімі)
4. ______________________________________________
(жасанды құрылыстарды пайдалану шарттары)

Тіркеу нөмірі № _____ 20__ ж. «___» _______________

____________________ ________________ __________________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Мемлекеттік уәкілетті органдардың келісуі:

«Теңіз құрылыстарын салу және орналастыру бойынша теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына 4-қосымша

**Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Сапа және тиімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің алдағы жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі) | | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |
| 3. Қолжетімділігі | | | |
| 3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |
| 3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі) | | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1009 қаулысымен бекітілген

## «Теңізде мұнай-газ құбырларын салуға және пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 309 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – Комитет): 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0505 кабинеті мекенжайы бойынша, сондай-ақ электрондық үкіметтің веб-порталы: www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы

www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 93 және 96-баптары және «Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларымен байланысты өзге де объектілерді құру, пайдалану және қолдану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1452 қаулысы (бұдан әрі – Қағида) негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің (бұдан әрі – министрлік) интернет-ресурсында: www.mgm.gov.kz «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті» бөлімінде (бұдан әрі – Министрліктің интернет-ресурсы);

2) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат call-орталығының телефоны (1414) арқылы да ұсынылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі теңізде мұнай-газ құбырларын салуға және пайдалануға рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық құжат нысанындағы электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) расталған дәлелді жауабы болып табылады.

Тұтынушы Комитетке қағаз тасығышта рұқсат алу үшін жүгінген жағдайда рұқсат электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, мөрмен бекітіледі және оған Комитет басшысының қолы қойылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) тұтынушы Комитетке немесе порталға жүгінген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды;

2) құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) Комитетте мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі.

Хат-хабарларды қабылдау кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жедел қызмет көрсету көзделмеген.

2) порталда – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

